

ИНТЕГРАЛДЫ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ АЙМАҒЫНДАҒЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ САЯСАТЫ

1993 жылы құрылған «АЛЕКС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасында «ALEX SARYAGASH» брендімен пластикалық бөтелкелерде газдалған және газдалмаған емдік-асханалық минералды ауыз су өндіруші алғашқы кәсіпорын болып табылады.

Миссия:

Біз жоғары сапа және тағам қауіпсіздігі стандарттарын сақтай отырып, қоршаған орта мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ұстана отырып, тұтынушыларымызды бірегей табиғи сумен қамтамасыз етеміз.

Көзқарас:

2028 жылы «АЛЕКС» ЖШС – өндірісті, өнім ассортиментін кеңейту және белсенді экспорт арқылы ауыз су нарығындағы ТОП-3 өндірушілер қатарына кіретін, жергілікті нарықтағы ең үздік еңбек жағдайларын ұсынатын кәсіпорын.

Құндылықтар:

Жауапкершілік. Біз серіктестерге, қызметкерлерге және қоршаған ортаға қатысты жұмысымыз, сөзіміз, әрекеттеріміз бен қабылдаған шешімдеріміз үшін жауаптымыз.

Сенім. Біз бір-бірімізге деген сенім мен құрметке негізделген үйлесімді қарым-қатынас және тиімді командалық жұмыс құрамыз.

Бірлік. Біз әртүрліміз, бірақ ортақ мақсат пен компаниямыздың дамуы үшін, кедергілер мен қиындықтарға қарамастан, бірге әрекет етеміз және бір-бірімізді қолдаймыз.

Үздіксіз жетілдіру. Біз инновацияларды енгізіп, өндірістік үдерістер мен еңбек жағдайларын үздіксіз жетілдіруге жағдай жасаймыз.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін «АЛЕКС» ЖШС жоғары басшылығы төмендегі міндеттемелерді өз мойнына алады:

- «АЛЕКС» ЖШС қызметіне қолданылатын сапа және тағам қауіпсіздігі саласындағы барлық талаптардың, оның ішінде заңнамалық, ерікті түрде қабылданған және тапсырыс берушілер мен тұтынушылармен келісілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- сапа және тағам қауіпсіздігі мәселелері бойынша барлық мүдделі тараптармен ішкі және сыртқы коммуникацияларды қамтамасыз ету;
- сапа және тағам қауіпсіздігі саласындағы корпоративтік мәдениетті енгізу, басшылардың көшбасшылығын қолдау және дамыту, қызметкерлердің қызметті жетілдіруге қатысуын арттыру;
- көшбасшылықты дамыту, оқыту және тәлімгерлік арқылы барлық деңгейде «АЛЕКС» ЖШС қызметкерлерінің сапа және тағам қауіпсіздігі саласындағы құзыреттілігі мен хабардарлығын арттыру;
- қауіпсіз және сапалы өнім өндіруге қажетті жағдайларды қамтамасыз ете отырып, сапа және тағам қауіпсіздігінің біріктірілген менеджмент жүйесін енгізу, жұмыс істеуі және үздіксіз жетілдіру үшін қажетті ресурстарды бөлу.